**Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі туралы шарт**
**№1**

Әйтеке би кенті «22» ақпан 2021 жыл

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан, Булебаев Тойбазар Беккожаевич бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын ЖК «Мирманова Гулсин» атынан жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік серия 07915 №0051500 от 20.12.2011 жылы негізінде әрекет ететін Мирманова Гулсин Тотановна екінші тараптан, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидасының 69 тармағына сәйкес Конкурс қорытындыларын шығарғанға дейінгі мерзімге Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету немесе тауарлардың жеткізілімі туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды 22.02.2021-22.05.2021 жыл аралығында ұйымдастырады.

2. «Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт бюджеттік бағдарлама 261-«Облыстық білім басқармасы», 082-«Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру» бағдарламасы, 045-«Республикалық бюджеттен білім беру субвенциялары есебінен» кіші бағдарлама бойынша, 163- Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары (мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандыру ұйымдастыру қызметі) ерекшелігі бойынша сомасы 1058403 (бір миллион елу сегіз мың төрт жүз үш) теңге, қосымша құн салығын төлеуші ретінде салық басқармасына тіркелмеген.

Оның ішінде қосымшада көрсетілген білім алушылардың жекелеген санаттарын барлығы 1058403 (бір миллион елу сегіз мың төрт жүз үш) теңге мөлшердегі сомаға (бұдан әрі – Шарттың бағасы) тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсетуді өз міндетіне алады.

2. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" – төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары).Мұндай оқиғаларға атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың рынокта болмауы жатпайды;

2) «Көрсетілетін қызмет» – өндіріс процесі және тауарлар мен аспаздық өнімдерді өндіруді қосқанда орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұсыну.

3) «Тапсырыс беруші» – орган немесе орта білім беру ұйымы.

4) «Тауар» – орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша тауар.

5) «Өнім беруші» – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін тұлға.

6) «Шарт» – Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбаша нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

7) «Шарттың бағасы» Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса жауапкершілік артпайды.

3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар, осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) техникалық тапсырма (Шартқа қосымша берілді);

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

4. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (банктік кепілдеме, кепілдік ақшалай жарна төлеу) Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағиадаларында көзделген жағдайларда енгізеді.

5. Өнім берушінің үшінші тұлғалардың тұтастай не Шартты қамтамасыз етуді орындау құқығының,оның ішінде талап кою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Тапсырыс берушінің Өнім беруші енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді пайдалануына жол берілмейді.

6. Шарт бөлінген қаражат шегінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады.

7. Өнім беруші қызметті көрсетуді немесе тауарды жеткізуді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмаға сәйкес білім беру ұйымдарында жекелеген санаттағы накты ыстық тамақ ішетін бала саны – **45**, оның ішінде дәстүрлі форматта ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін барлық бала саны – **45** білім алушыларды, баланы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметке төлем жасауды міндетіне алады.

Ақы төлеу нысаны аударым бойынша есеп айырысу.

8. Төлеу мерзімі нақты қамтылған тәрбиеленушілердің санына сәйкес, ағымдағы ай үшін келесі айдың 10-на дейін жүргізіледі.

9. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: шот-фактура және көрсетілген қызметке ақы төлеу актісі.

10. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да болмасын адамға Шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа адам берген құжаттаманы немесе ақпаратты ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

11. Өнім берушінің орта білім беру ұйымдарында тегін тамақтандыруды алуға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілген қызметін орындау бойынша осы Шарттың 8 және 9 тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізіледі.

12. Бір мәрте мектептік тамақтандырудың құны бір балаға ақпан айында ҚҚС – сыз 6 – 10 жас – 357,14 (18 – бала), 11 – 14 жас – 401,79 (22 – бала), 15 – 18 жас – 446,43 (5 – бала) теңгені құрайды.

13. Өнім беруші қызмет көрсетуді Шартта белгіленген мерзімге сәйкес жүзеге асырады.

14. Өнім беруші тарапынан қызметті орындауды кешіктіру шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап, қызметті уақытылы орындамағаны немесе заңнамада қарастырылған басқа шаралар үшін тұрақсыздық айыбын төлеп Тапсырыс берушімен Шартты бұзуына негіз болып табылады.

15. Егер өнім беруші шартта көзделген мерзімде қызметтерді көрсетпесе, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

16. Шарт талаптарын бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Жеткізуші Шартта көзделген мерзімдерде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде қызметтің бір бөлігін көрсетпесе немесе тауардың бір бөлігін ұсынбаса немесе барлық қызметті немесе барлық тауарды ұсынбаса;

2) егер Жеткізуші Шарт бойынша өзінің қандай да бір міндеттемелерін орындамаса, оның ішінде конкурс кезінде көрсетілген ас блогы қызметкерлерінің сандық және сапалык құрамы сәйкес келмеген кезде осы Шартты бұзады.

17. Дүлей күш жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге бір жұмыс күн ішінде мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және дүлей күшке байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздеуді жүргізеді.

18. Өнім беруші, осы Шарттын 17-тармағының талаптарын орындаған жағдайда егер Шартты орындауды кешіктіру дүлей күш нәтижесі болса, өзінің Шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың

талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.

19. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші төлеуге қабілетсіз болса немесе Жосықсыз әлеуетті өнім берушілердің тізіліміне енсе, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, кез келген уақытта Шартты бұза алады. Бұл жағдайда бұзу тез арада жүзеге асады және Тапсырыс беруші, егер Шартты бұзу залал келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға қандай да болмасын құқықтарды қозғамаса немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе соңынан қойылатын санкцияларды қолданатын жағдайда Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді.

20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі орындалуының орынсыздығына орай кез келген уақытта Шартты бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттың бұзылуы күшіне енген күні көрсетіледі.

21. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күні іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы төленеді.

22. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жұмсайды.

23. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәселені шешеді.

24. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

25. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама, кейін түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

26. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе), бұл күндердің қайсысы кеш болатындығына байланысты күшіне енеді.

27. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

28. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

29. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.

Білім беру ұйымдарында тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар жоқ болған жағдайда әлеуетті өнім беруші шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем емес мөлшерде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбейді.

30. Осы Шарт орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті көрсетуді немесе тауарларды сатып алуды Тапсырыс беруші жүзеге асыру процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Шартқа өзгерістер енгізуге мынадай жағдайда рұқсат беріледі:

1) тапсырыс берушінің мәзірді жақсартуы (тамақтану рацион ұлғайту) және өнім берушіні таңдауға негіз болған сапа өзгермейтін жағдайда және басқа да жағдайларда тараптардың өзара келісімі бойынша тиісінше соманы көбейту;

2) тегін тамақтануға құқығы бар білім алушылар санының өзгеруі.

31. Шарттың жарамдылық мерзімі 22.02.2021-22.05.2021 жыл аралығы.

32. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

**Тапсырыс беруші**
**Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Тасарық ауылы, Тасарық көшесі №60 үй
инд 120407
БСН 971240002046
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ70070102KSN3301000
«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті»РММ
Тел: 8 (724)3834796;
**Мектеп директорының міндетін атқарушы_________________Т.Булебаев**
**М.О.**

**Өнім беруші**
**ЖК «МИРМАНОВА ГУЛСИН»**
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Счастнова көшесі №8 үй,
инд 120400
БСН 620420403043
ЖСК KZ666017201000004370
БИК HSBKKZKX
АҚ «Қазақстан Халық Банкі»
Тел: 8 (724)3821172; 87016545777
**Директор:___________________Г.Мирманова**
**М.О.**

Орта білім беру ұйымдарында білім
алушыларды тамақтандыруды
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін
қызметтерді берушіні немесе тауарларды
жеткізушіні таңдау жөніндегі құжаттамаға
3-қосымша

**Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау бойынша құжаттамаға техникалық тапсырма**

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету.Осы техникалық тапсырмада Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтің сәйкес келуі тиіс сандық және сапалық сипаттамалар беріледі.

Тамақтандыру Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызмет.

Облыстық бюджет есебінен тегін тамақтанатын 1-11 сыныпта білім алушылардың жалпы саны –45, оның ішінде дәстүрлі форматта мектепте оқып жатырған балалар арасында ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін бала саны–45.

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру барысында негізгі мақсаттары мен міндеттері жас ерекшелігі бойынша тағам заттары мен қуатына физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес оқушыларды тиімді тамақтандырумен қамтамасыз ету болып табылады.

Білім алушыларды тамақтандыру білім беру ұйымының асханасында жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөліктің және оның қызметкерлерінің жұмысына басшылық жасайды, сондай-ақ тамақ дайындау технологиясына, азық-түліктерді салудың, порциялардың шығу нормасының сақталуына, білім алушыларға өнімдер мен тағамдардың берілуіне және жеткізілетін азық-түліктердің сапасына, оны сақтау және тарату қағидаларының сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызмет беруші ас әзірлейтін бөлікте, өндірістік және қойма бөлмелерінде санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық қағидаларды сақтауды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім беру ұйымының Санитариялық қағидалармен бекітілген нысан бойынша дайын өнімнің сапасына (бракераж) бақылау журналын жүргізуге жағдайды қамтамасыз етеді.

Өнім беруші білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға байланысты мәліметтерді күн сайын немесе Тапсырыс берушінің талабы

бойынша білім беру ұйымының сайтында орналастыру үшін (тағамның суреті бар ас мәзірі, атауы, бағасы) ұсынады.

Өнім беруші тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиялар (бракераждық), тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық топтар мүшелерінің ас блогына кіруін қамтамасыз етеді.

Тағамдардың, тамақ өнімдерінің және аспаздық бұйымдардың тұтынушылық қасиеттері, олардың органолептикалық ерекшеліктері, технологиясы және дайындау жағдайлары балаларға арналған тағам өнімдерінің қауіпсіздігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес болуы тиіс.

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің асханасына және (немесе) буфетіне тағамдарды мектептік тамақтандырудың базалық ұйымдарынан жеткізілген жағдайда тиісті температураны сақтауды қамтамасыз ететін арнайы ыдыстар (термоконтейнерлер) қолданылады.

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының міндетін атқарушы Булебаев Тойбазар Беккожаевич бекіткен білім алушыларды тамақтандырудың белгіленген тәртібіне сәйкес бірінші ауысым үшін білім алушыларға сағат 10-00 мен 11-30 арасында екінші ауысым үшін 15-00 мен 17-00 аралығында ыстық тамақ ұсынылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес буфет өнімдерін тарату үшін жағдайлар жасалады.

Әлеуетті өнім беруші шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінде міндетті түрде бекітеді.

Тамақтанудың іс жүзіндегі рационы бекітілген перспективалы мәзірге сәйкес келуі тиіс. Санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес, ерекше жағдайларда бір өнімді, тағамды және аспаздық бұйымдарды басқаларымен ауыстыруға жол беріледі.

Жекелеген оқушыларға жеңіл (диеталық) тамақтандыру ұйымдастырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші тағамды дайындау технологиясын және дайын тағамдарды каллориялығына сәйкестігін сақтау үшін ас әзірлейтін бөліктерде бірыңғай тағамды дайындау картотекасының бар болуын қамтамасыз етеді

Тағамдар картотекасын пайдалану арқылы тамақты дайындау жүзеге асырылады, онда өнімдердің таратылуы, тағамдардың түсімі, әр тағамның құрамы туралы және оның тағамдық құндылығы (ақуыздың, майлардың, көмірсулардың, витаминдердің болуы) және әр тағамның (аспаздық бұйымның) энергетикалық құндылығы (калориялығы) мен әр тамақты қабылдау жиынтығы туралы толық ақпарат көрсетіледі.

Асхананың ас әзірлейтін бөлігінде тағамдарды және аспаздық өнімдерді дайындаудың технологиялық процесін қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруды өндіріс меңгерушісі қамтамасыз етеді.

Ас әзірлейтін бөлікте санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына сәйкес қажетті құжаттама болуы тиіс (тамақ өнімдерінің және азық-түлік шикізатының бракераждар, дайын аспаздық өнімдердің журналдарын, денсаулық журналын, тағамдарды витаминдеуді жүргізу, температура режимін, тоңазытқыш жабдықтарын есепке алу журналдарын, мәзірді, тағамдарды дайындаудың технологиялық карталарын, тамақ өнімдеріне кіріс құжаттарын, жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттарын (жөнелтпе құжаттар, сәйкестік сертификаттары, сапа куәлігі, ветеринариялық-санитариялық сараптама құжаттар, ұсыныс-пікірлерге арналған кітап және тағы басқалары) атап көрсету).

Өнім берушіде қызмет көрсету басталар алдында жұмыс істеуге рұқсаты бар ас блогының әрбір қызметкерінің медициналық кітапшалары болады.

Өнім беруші қызмет көрсетуді бастамас бұрын өндірістік бақылау жоспарын бекітеді және тапсырыс берушіге (ұйымдастырушыға) тиісті растайтын құжаттармен қоса жоспардың көшірмесін ұсынады.

Өнім беруші қолда бар технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жарамдылығын және уақытында мемлекеттік тексеруді (өлшеу құралдары үшін) қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес тамақ өнімдерін жеткізуді ұйымдастырады.

Өнім беруші бар технологиялық, тоңазытқыш және санитариялық-техникалық жабдықтардың жөнділігін және уақытылы мемлекеттік тексерілуін (өлшем құралдары үшін) қамтамасыз етеді.

Отандық қызмет көрсетушілерді, тауар өндірушілерді қолдау үшін өнім беруші тамақтандыруды ұйымдастыру шеңберінде тамақ өнімдерінің кемінде 80% (сексен пайызын) отандық қызмет көрсетушілерден, тауар өндірушілерден сатып алады.

Бұл ретте, отандық өндірістің азық-түлік өнімдерін сатып алу фактісін растайтын құжат ретінде белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не уәкілетті ұйым куәландырған белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі ұсынылады (егер жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не Уәкілетті ұйым куәландырған, ұсынылған көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне белгіленген тәртіппен берілген "СТ-KZ" тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесі ұсынылады.

Тауарларды жеткізу. Техникалық тапсырмада жеткізілетін тауарлар сәйкес келуі тиіс сатып алынатын тауарлардың толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары, кепілдік мерзімі, шығу тегі жазылады.

Тауарларға арналған техникалық тапсырмада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалардың сипаты функционалдық шектерін, техникалық сипаттамалардың параметрлерін, үздік сипаттаманы айқындау мақсаттары үшін тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс.

Сатып алынатын тамақ өнімдері Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

ЕСКЕРТПЕ: **Қызмет көрсетуші асхана мен білім беру объектісінің қызметкерлері арасында COVID-19-дың таралуына жол бермеу мақсатында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптарды, ережелерді қатаң сақтауды «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына 46-қосымшасының талаптарын қатаң сақтап басшылыққа алып қызмет көрсетеді.**

**Мектеп директоры міндетін атқарушы: Т.Булебаев**

Қызылорда облысының білім басқармасының "Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №238 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

| Жас ерекшелігі | Бала саны | Бағасы ндс-сіз | Айлары | | | | Барлық қаржы ндс-сіз | Барлық қаржы ндс-пен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Ақпан-5 күн | Наурыз-14 күн | сәуір-22 күн | мамыр-13 күн | | |
| 6-10 жас | 18 | 357,14 | 32142,6 | 89999,28 | 141427,44 | 83570,76 | 347140,08 | 388796,89 |
| 11-14 жас | 22 | 401,79 | 44196,9 | 123751,32 | 194466,36 | 114911,94 | 477326,52 | 534605,7 |
| 15-16 жас | 5 | 446,43 | 11160,75 | 31250,1 | 49107,3 | 29017,95 | 120536,1 | 135000,43 |
| Барлығы | 45 | 1205,36 | 87500,25 | 245000,7 | 385001,1 | 227500,65 | 945002,7 | 1058403 |

#ID18576905 №971240002046/230019/01

# Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартына қосымша келісім

**2023-03-24 № 16**

Қызылорда облысы №16-1

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Қазалы ауданының білім бөлімінің № 238 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жарғы атынан Директор Кеулімжай Әлия Талғатбекқызы бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын жк "Мирманова Г", Куәліктің негізінде әрекет ететін Басшысы Мирманова Гулсин Тотановна атынан екінші тараптан, 2023-03-24 № 16 Көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) негізінде және , сәйкес төмендегідей туралы Шартқа осы қосымша келісімді (бұдан әрі - Келісім) жасады:

## 1 Өзгерістерді енгізу

1.1 Келесі өзгерістерді және (немесе) қосымшаларды енгізу:

1) Шарттың жалпы сомасы 3 145 073.28 (үш миллион жүз қырық бес мың жетпіс үш тенге жиырма сегіз тиын) құрайды.
Шарт мәтінінде сөздер мен сандарды "4 505 034.28 (төрт миллион бес жүз бес мың отыз төрт тенге жиырма сегіз тиын)" сөздерге мен сандарға ауыстыру "3 145 073.28 (үш миллион жүз қырық бес мың жетпіс үш тенге жиырма сегіз тиын)".

2) В пункте келісім Шарттыңтармағы мынадай редакцияда баяндалсын:
«Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт
082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 159 Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 867 217.57 (сегіз жүз алпыс жеті мың екі жүз он жеті тенге елу жеті тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы тіркеуге жатады
082 Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, 015 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, 163 Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары ерекшелігі бойынша - 2 277 855.71 (екі миллион екі жүз жетпіс жеті мың сегіз жүз елу бес тенге жетпіс бір тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2023 жылы тіркеуге жатады.»

1.2 Келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

1.3 Шарттың, Келісім өзгертпейтін бөлігіндегі барлық басқа талаптары күшінде қалады.

1.4 Келісім оған аумақтық қазынашылық органында тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2023-12-31 дейін әрекет етеді.

1.5 Келісім мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жасалған, бірдей заңды күші бар, қазақ және орыс тілдерінде жасалды

## 2 Тараптардың деректемелері

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

**Дополнительное соглашение**
**к договору о закупках услуг**

**№ 16 от 2023-03-24**

Кызылординская область №16-1

Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа № 238 отдела образования Казалинского района", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице Директор Кеулімжай Әлия Талғатбекқызы, действующий на основании Устав, с одной стороны и ип "Мирманова Г", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», в лице Руководитель Мирманова Гулсин Тотановна, действующего на основании Свидетелсьтво, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Договора о закупках услуг № 16 от 2023-03-24 (далее - Договор), в соответствии с , заключили настоящее Дополнительное соглашение (далее - Соглашение) к Договору и пришли к соглашению о нижеследующем:

**1 Внесение изменений**

1.1 Внести следующие изменения и (или) дополнения:

1) Общая сумма Договора составит 3 145 073.28 (три миллиона сто сорок пять тысяч семьдесят три тенге двадцать восемь тиын).
В тексте Договора цифры и слова "4 505 034.28 (четыре миллиона пятьсот пять тысяч тридцать четыре тенге двадцать восемь тиын)" заменить цифрами и словами "3 145 073.28 (три миллиона сто сорок пять тысяч семьдесят три тенге двадцать восемь тиын)".

2) Пункт В пункте Договора изложить в следующей редакции:
«В территориальном органе казначейства Договор подлежит регистрации
по бюджетной программе 082 Общеобразовательное обучение в государственных организациях начального, основного и общего среднего образования, по подпрограмме 015 За счет средств местного бюджета, по специфике 159 Оплата прочих услуг и работ - на 2023 год 867 217.57 (восемьсот шестьдесят семь тысяч двести семнадцать тенге пятьдесят семь тиын) без учета НДС;
по бюджетной программе 082 Общеобразовательное обучение в государственных организациях начального, основного и общего среднего образования, по подпрограмме 015 За счет средств местного бюджета, по специфике 163 Затраты Фонда всеобщего обязательного среднего образования - на 2023 год 2 277 855.71 (два миллиона двести семьдесят семь тысяч восемьсот пятьдесят пять тенге семьдесят один тиын) без учета НДС.»

1.2 Соглашение является неотъемлемой частью Договора.

1.3 Все остальные условия Договора в части, неизменной Соглашением, остаются в силе.

1.4 Соглашение вступает в силу со дня его регистрации в территориальном органе казначейства и действует по 2023-12-31.

1.5 Соглашение составлено на казахском и русском языках, имеющих одинаковую

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 58483140-КпОПО1 | "Қазалы ауданының білім бөлімінің № 238 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей 1-11 сынып | Бір қызмет | 1 | 3 145 073.28 | Келісім шарт күшіне енген күннен бастап 31.12.2023ж | Келісім шарт күшіне енген күннен бастап 31.12.2023ж | Қызылорда облысы, Қазалы ауданы ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, (1) | 0 | 2 277 855.71 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

1-қосымша

## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 9017348-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

| Лоттың № | Тапсырыс беруші атауы | Атауы | Қысқа сипаттама | Қосымша сипаттама | Өлшем бірлік | Саны, көлемі | Бірлік бағасы, теңге | Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі | Жеткізу орындар | Аванс төлемінің мөлшері %, % | Жалпы сома, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| **082-015-159** : Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу | | | | | | Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу\1-4 аралығындағы оқушыларды бір мезгілгі ыстық тамақпен камтамасыз ету қызметі\ | | | | | | |
| 58483140-КпОПО1 | "Қазалы ауданының білім бөлімінің № 238 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей 1-11 сынып | Бір қызмет | 1 | 3 145 073.28 | Келісім шарт күшіне енген күннен бастап 31.12.2023ж | Келісім шарт күшіне енген күннен бастап 31.12.2023ж | Қызылорда облысы, Қазалы ауданы ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, (1) | 0 | 867 217.57 |
| **082-015-163** : Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары | | | | | | Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары\Аз қамтылған отбасылардан шыққан аса мұқтаж оқушыларды тамақтандырумен камтамасыз ету\ | | | | | | |

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

юридическую силу, заключено посредством веб-портала государственных закупок.

## 2 Реквизиты Сторон

Заказчик:
Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа № 238 отдела образования Казалинского района"
Кызылординская область, Казалинский район, с.Тасарык, ТАСАРЫК, 60
БИН 971240002046
БИК KKMFKZ2A
ИИК KZ70070102KSN3301000
РГУ "КОМИТЕТ КАЗНАЧЕЙСТВА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК"
Тел.: 0000
Директор Кеулімжай Әлия Талғатбекқызы

Поставщик:
ип "Мирманова Г"
Кызылординская область, Казалинский район, п.Айтеке би, Счастнова, 8
БИН/ИИН/ИНН/УНП 620420403043
БИК HSBKKZKX
ИИК KZ666017201000004370
АО "Народный Банк Казахстана"
Тел.: +77016545777
Руководитель Мирманова Гулсин Тотановна

Расшифровка аббревиатур:
БИН – бизнес-идентификационный номер;
БИК – банковский идентификационный код;
ИИК – индивидуальный идентификационный код;
ИИН – индивидуальный идентификационный номер;
ИНН – идентификационный номер налогоплательщика;
УНП – учетный номер плательщика;
НДС – налог на добавленную стоимость;
Ф.И.О. – фамилия имя отчество.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Приложение 1

# Перечень закупаемых товаров(работ/услуг)

№ электронной закупки: 9017348-1
Наименование электронной закупки: Объявление о государственных закупках

| № лота | Наименование заказчика | Наименование | Краткая характеристика | Дополнительная характеристика | Единица измерения | Количество, объем | Цена за ед., тенге | Планируемый срок поставки | Срок поставки по договору | Места поставки | Размер авансового платежа, % | Общая сумма, тенге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| **082-015-159** : Оплата прочих услуг и работ | | | | | | Оплата прочих услуг и работ\ Услуга по обеспечению разового горячего питания учащихся 1-4 классов\ | | | | | | |
| 58483140-КпОПО1 | Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа № 238 отдела образования Казалинского района" | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей 1-11 сынып | Одна услуга | 1 | 3 145 073.28 | С даты подписания договора до 31.12.2023 года | С даты подписания договора до 31.12.2023 года | Кызылординская область, Казалинский район КАЗАХСТАН, Кызылординская область, Казалинский район, (1) | 0 | 867 217.57 |
| **082-015-163** : Затраты Фонда всеобщего обязательного среднего образования | | | | | | Затраты Фонда всеобщего обязательного среднего образование\ Обеспечение питанием остро нуждающихся учащихся из малообеспеченных семей\ | | | | | | |
| 58483140-КпОПО1 | Коммунальное государственное учреждение "Средняя школа № 238 отдела образования Казалинского района" | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей | Услуги по организации обеспечения питания детей 1-11 сынып | Одна услуга | 1 | 3 145 073.28 | С даты подписания договора до 31.12.2023 года | С даты подписания договора до 31.12.2023 года | Кызылординская область, Казалинский район КАЗАХСТАН, Кызылординская область, Казалинский район, (1) | 0 | 2 277 855,71 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Тапсырыс беруші:
"Қазалы ауданының білім бөлімінің № 238 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Кызылординская область, Казалинский район, с.Тасарык, ТАСАРЫК, 60
БСН 971240002046
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ70070102KSN3301000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 0000
Директор Кеулімжай Әлия Талғатбекқызы

Өнім беруші:
жк "Мирманова Г"
Кызылординская область, Казалинский район, п.Айтеке би, Счастнова, 8
БСН/ЖСН 620420403043
БСК HSBKKZKX
ЖСК KZ666017201000004370
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ
Тел.: +77016545777
Басшысы Мирманова Гулсин Тотановна

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.